



6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800
Company registered in England and Wales
Company Number: 5180783

2012 жылғы 17 наурыз

«ҚАЗАҚМЫС КОРПОРАЦИЯСЫ» ЖШС БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ЭДУАРД ОГАЙ ЖҰМЫСКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақмыс Тобы Жезқазған өндірістік алаңының жұмыскерлерімен біліктіліктерін растау және еңбекақыны жоғарылату жөніндегі ағымды мәселелер бойынша кезекті жиналысын өткізіп отыр. Жиналыс – жаңадан интеграцияланған еңбекақы төлеудің жүйесін енгізу процесінің аясында Топ басшылығы өткізіп отырған іс-шаралардың бірі болып табылады.

Кездесуде Жезқазған мыс балқыту зауытының, кен байыту фабрикаларының және кеніштердің өкілдерінен 200 жұмыскер қатысты. Басшылықтың тарапынан «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС Басқарма төрағасы Эдуард Огай, операциялық бас директор Сергей Дяченко, «Жезқазғантүстіметалл» ӨБ бас директоры Вадим Оглов, кәсіпорындардың және тиісті департаменттердің директорлары қатысты.

Біліктіліктерін растау процедурасы, өз кезегінде, 2009 жылы басталған Қазақмыстағы барлық кәсіпорындарды қайта құрылымдау кең ауқымды бағдарламасының элементі бола тұра, еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйесін енгізудің соңғы кезеңі болып табылып отыр. Топтың кәсіпорындарында 40,000-нан астам қызметкерлерді қамтыған, кадрларды бағалау процесі 2012 жылдың ақпан айында басталған.

Кездесуде айтылғандай, өздерінің біліктіліктерін сәтті түрде дәлелдеп берген қызметкерлердің еңбекақылары 1 наурыздан бастап жоғарылатылатын болады. Жалпы алғанда, корпорацияның барлық дивизиондарындағы еңбекақыны жоғарылатудың кезеңдік процесін маусымда аяқтау жоспарланып отыр. Ең кем жоғарылату 8 пайызды құрайтын болады, жоғарылату дифференциалды түрде өтеді және де нақты мамандыққа, разрядтарына, шешуші тиімділік көрсеткіштерінің орындалуына байланысты болады.

Қазіргі уақытта Жезқазған аймағында осы тестілеуден Қазақмыстың 6 мыңнан астам жұмыскерлері өтті. Олардың 99 пайызы бұл процестен сәтті өтті. Алғашқы көрсеткен нәтижелері қанағаттанарлықсыз болған жұмыскерлерге, үш ай өткен соң осы процедураны қайта өтуге мүмкіншілік беріледі.

«Біз Қазақмыс кәсіпорындарындағы біліктерін растаудың алғашқы нәтижелеріне көңіліміз толып отыр. Біздің зауыттарымыз бен фабрикаларымызда өз істерінің нағыз кәсіпқой білгірлері еңбек етіп жүргеніне күмән келтірген емеспіз. Еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі енді әрқайсысының машық-тәжірибелеріне сай келетін еңбекақы төлеудің өзекті деңгейін қамтамасыз етуге септігін тигізері сөзсіз», - деп түсініктеді «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС Басқарма төрағасы Эдуард Огай.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондар арқылы хабарласыңыз:

Қазақмыс

Джон Смэлт

Корпоративтік байланыстар
бөлімінің басшысы

Тел:+44 20 7901 7882
Тел:+44 78 7964 2675

Ирина Третьякова	Қаржы талдаушысы	Тел: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Алматыдағы Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	Тел: +7 727 3304 556
Бақыт Мұқанова	Корпоративтік байланыстар бөлімінің менеджері	Тел: +7 727 3304 556

Мерлин

Дэвид Саймонсон
Мария Бабкина

Тел: +44 20 7726 8400
Тел: +44 20 7726 8400

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақмыс мыс, алтын, мырыш, күміс, электр энергиясын өндіруде елеулі активтері бар, табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу жөніндегі жетекші халықаралық компания болып табылады.

Қазақмыс Қазақстандағы ең ірі мыс өндіруші әрі 18 кенішке, 10 тау-кен фабрикаларына және екі мыс балқытушы өндірістік кешенге ие болып отырған әлемдегі алда келе жатқан мыс өндіруші болып табылады. Тау-кен өндірісі руда өндіруден бастап мыс катанкасын және катодты мыс түріндегі дайын өнім шығаруға дейін толықтай интеграцияланған. 2011 жылы меншікті рудадан 299 мың тонна катодты теңгерімдегі мыс өндіріліп шығарылды. Бұл өндіріс электр энергиясының ішкі жеткізілімдерімен және ауқымды теміржол инфрақұрылымымен сүйемелденіп тұрады.

«Kazakhmys Mining» бөлімшесі басқа да металлдардың ауқымды көлемін, соның ішінде мырыш, күміс және алтын өндіріп отыр. 2011 жылы Қазақмыс 140 мың тонна мырыш концентратын өндіріп шығарды. Топ әлемде ең ірі деген он күміс өндірушінің бірі боп табылады. (2011 жылы 13 млн. унция күміс өндірді).

«Kazakhmys Power» ағымды өндірістік қуаттылығы 2500 МВт болып отырған, 4000 МВт құрайтын жобалық қуаттылығына жеткізу үшін модернизациялау бағдарламасын жүзеге асырып отырған Қазақстандағы ең ірі деген Екібастұз ГРЭС-1 көмір электр станциясының 50 пайыздық қатысу үлесіне ие. «Kazakhmys Power» бөлімшесінде «Kazakhmys Mining» бөлімшесін электр энергиясымен қамтамасыз етіп отыратын электр станциялары мен қосалқы көмір кеніштері бар.

Қазақмыс Тобы Лондон қор биржасында және Гонконг қор биржасында айналымға қабілетті FTSE-100 компаниялар тізіміне кіреді; сондай-ақ Қазақстан қор биржасында (KASE) да саудаланып келеді. 2010 жылы EBITDA (ерекше баптарды қоспағанда) көрсеткіші 2,8 млрд. АҚШ долларды құрағанда, Топ өнімдерінің өткізілу көлемі 3,2 млрд. АҚШ доллары болған. Топта шамамен 60 000 адам жұмыс істейді, яғни басым көпшілігі қазақстандық азаматтар. Қазақмыстың стратегиялық мақсаты – өндірістік активтерді оңтайландыру, өндірісті ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру және де Орталық Азиядағы ауқымды табиғи ресурстарды игеру мүмкіншіліктерін кеңейтуге қатысу.